



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 жылғы 16 қыркүйек

Шахан кенті

№ 182/ш

поселок Шахан

Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын-алу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасының 2015 - 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын асыру, білім беру ұйымдарында ішкі тәртіп ережелерін бұзуға жол бермеу мақсатында Қарағанды облысының білім басқармасының 2022 жылғы 14 қыркүйектегі № 559 бұйрығы және Қарағанды облысының білім басқармасының «Шахтинск қаласының білім бөлімі» ММ 2022 жылғы 15 қыркүйектегі № 213 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп директорының міндетін атқарушы Э.Н.Рамазанова, директордың тәрбие ісінің орынбасары А.Рахметжан, сынып жетекшілерге:

1) жөндеу жүргізуге, жиһаз, құрал-жабдық сатып алуға, үй-жайларды жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар алуға, аттестациялар, мерекелік іс-шаралар өткізуге және басқа да мақсаттарға ақша қаражатын мәжбүрлеп жинауға үзілді-кесілді тыйым салу;

1.2 мектеп қабырғасында жол бермеу жөнінде пәрменді шаралар қабылдансын:

- ойын-сауық іс-шараларына кітаптар, билеттер сату;
- концерттік бағдарламалар мен ертеңгіліктер өткізу үшін шақырылған актерлердің қызметтеріне ақы төлеуге қаражат жинау;
- ата-аналар мен оқушылардан ақшалай алымдар есебінен мерекелік күндерге сыйлықтар мен жүлделер сатып алу;
- мерекелік күндерге білім беру ұйымдарын рәсімдеуге қаражат жинау;
- оқу-тәрбие процесі кезінде коммерциялық құрылымдардың жарнамалық іс-шараларын жүргізу (байланыс операторларының тамақтандыру ұйымдарының жарнамасы және т.б.);
- жалдау шарты жоқ коммерциялық құрылымдардың өнімдерін өткізу;
- мектеп қызметкерлерінің оқушылардың бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылмайтын конкурстар мен зияткерлік ойындарға қатысу үшін ата-аналардан қаражат жинау.

000940

1.3 тәрбие жұмысын іске асыру шеңберінде өткізілетін мектеп оқушылары мен тәрбиеленушілерінің мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуына қаражат жинауды білім беру ұйымы қызметкерлерінің қатысуынсыз (театрларға, көрмелерге, мұражайларға және т.б. бару) ерікті негізде ғана жүргізу;

1.4 педагогикалық ұжымдарда және ата-аналар комитеті мүшелерінің арасында оқу орнының қажеттіліктеріне ақша қаражатын заңсыз жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

1.5 ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге, тәрбиешілер мен директорларға тиісті шаралар қабылдау;

1.6 мектеп бойынша ақша қаражатын заңсыз жинауға жол бермеу туралы бұйрық шығарылсын.

2. Осы бұйрық мектеп бойынша барлық қызметкерлерінің назарына жеткізілсін (№ 1 қосымша).

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Мектеп бұйрығы басшысының 2021 жылдғы 21 қыркүйектегі № 56 ж/қ бұйрығының күші жойылды деп саналсын.

Директордың м.а



Э.Рамазанова